

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

интермәтін теориясының мәтіндерді талдау әдісі кең қолданысқа ие. Әдетте жазушылар әлем әдебиетіндегі шығармалардан идея мен мотив алғанмен, белгілі бір мәтінді иемденуі байқалмай жатады. Десе де Р.Бектібаевтың памфлетіндегі үзінділерде интермәтіндік теорияның негізгі принципіне сай мәтіндер мозаикасы айқын құралды. Осылайша қазақ жазушысының шығармасындағы жапон қаламгері С.Коматсудың мәтіні постструктуралист Р.Барттың «автор өлімі» тұжырымына сай жаңа қолданысқа ие болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Бахтин, М. М. Проблема содержания, материала и формы в словесном художественном творчестве / М. М. Бахтин // Эстетическое самосознание русской культуры: 20-е годы XX века : антология / Российский государственный гуманитарный университет; составитель Г. А. Белая. – Москва, 2003. – с. 211-229.
- 2 Кристева Ю. Бахтин, слово, диалог, роман. // Ю.Кристева // Вестник МГУ. Серия 9. Филология. № 1., 1995. – с. 97-124.
- 3 Barthes R. Texte //Encyclopedia universalis. Vol. 15. – Paris : 1973. – P. 78. Barthes R. Texte // Encyclopedia universalis. Vol. 15. – Paris : 1973. – P. 78.
- 4 Grivel Ch. Theses preparatoires sur les intertextes. Dialogizitat, Theorie und Geschichte der Uteratur und der schönen Kunste. – München, 1982. – 264 с.
- 5 Женетт Ж. Палимпсесты: литература во второй степени [Текст] / Ж. Женетт. – М: Наука, 1982. – 372 с.
- 6 Бектібаев Р. Өмір-күресуге тұрарлық: Әңгіме-повестер естеліктер мен пікір-тілектер. – Астана: Фолиант, 2009. – 360 б.
- 7 Комацу С. Продается Япония: [Рассказ] / Пер. З. Рахима // Продается Япония. – М.: Мир, 1969 – с.219-244.
- 8 Зенкин С. Преодоленное головокружение // Женетт Ж. Фигуры. – М.: Изд. им. Сабашниковых, 1998. – 22 с.
- 9 Давыдова, К. В. Гипертекстуальность как свойство художественного текста. – Армавир, 2006. – 205 с.
- 10 Ишанова, А.К. Поэтика литературной игры / А.К. Ишанова. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2007. – 400 с.
- 11 Барт Р. Избранные работы: Семиотика: Поэтика: Пер. с фр. / Сост., общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Косикова. – М.: Прогресс, 1989. – 616 с.
- 12 Масалова, М. В. Гипертекстуальность как имманентная текстовая характеристика. – Ульяновск, 2003. – 123 с.

ӘОЖ 17.01

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕГІ КӨРКЕМ БЕЙНЕ

Ахмер Біржан Ермекұлы

birzhan.akhmer@mail.ru

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Әдебиеттану мамандығының докторанты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Ж.Ә.Аймұхамбет

**Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP14870245 – Ахмет Ясауидың «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» атты гранттық жоба негізінде жазылды.*

Кіріспе. Көркем бейне (образ) – поэтикалық шығарманың маңызды бөлігі. Микроэлементтен құралған біртұтас бейне санаға «сәуле» түсіріп, белгілі бір ұғым бойынша тың ақпарат береді. Сөйтіп, қандай да бір заттың немесе құбылыстың сипаты, мінезі, болмысы анықталады. Осы мінез бен болмыс, оған қоса әрекет көркем бейнені (образды) айқындайды.

Д.Н. Ушакова өз сөздігінде бейнені бірнеше түрге бөлген:

- 1) белгілі бір заттың келбеті, ұқсастығы;
- 2) біреудің жанды, көрнекі бейнесі;
- 3) дыбыстағы, сөздегі, бояулардағы және т. б. идеялар мен сезімдердің көркемдік көрінісі;
- 4) суретші немесе әртіс жасаған мінез, түр [1].

Ғалымның пайымына сүйенсек, көркем туындыдағы бейнені танытуда автордың еңбегі ерекше. Себебі автор – көркем шығарманы «жасаушы» ретінде әрбір детальға ерекше мән беру керек. Көркемдік шеберлік – көркем тілмен, суретті дәл әрі нақты бере алатын қабілетпен байланысты. В.Г. Власов мұны бірнеше таңба қатысқан категориямен теңестіреді: «Көркем бейне (образ) – көркем шығармашылықтың жалпы категориясы, эстетикалық әсер ететін объектілерді құру арқылы әлемді белгілі бір идеал тұрғысынан түсіндіру және игеру формасы. Өнер теориясындағы негізгі ұғым, мұнда ол көркем образдарды құру және қабылдау ретінде анықталады. Басқаша айтқанда, ол – шындықты көрсетудің ерекше әдісі» [2]. Идеалды әлем шығармада ғана бар. Романтикалық кейіпкердің арман-мұраты, ұмтылысы, жақсылыққа сенуі секілді моральдік концепцияларда адамзаттың сакральді танымдары жатыр. Бұл – мифтік, архитиптік негіздің жемісі.

Көркем бейне туралы ғалым К. Матиев: «Көркем бейненің эстетикалық құрылымы адам өмірінің шынайы мазмұнын бейнелеу арқылы жасалады» [3, 54] десе, М.Бахтин былай дейді: «Образдың жеке бірегейлігі қандай да бір өзіндік ерекшелікті, жалпыға бірдей маңызды, әлеуметтік қажеттіліктен түбегейлі оқшаулануды білдірмейді. Бұл оның бірегейлігін, баламалы қайталанудың, басқа жолмен алмастырудың мүмкіндігін көрсетеді. Сонымен бірге, бұл көркемдік образдың мазмұнында да, формасында да, қоғамдық қажеттіліктерді білдіретін, қоғамдық коммуникацияның бір түрі болып табылатын адамдарға жалпыға бірдей, жақын және түсінікті болуына кедергі болмайды» [4, 87] деп, жан-жақты тұжырымын білдіреді. Бахтиннің принципі бойынша, қандай да бір ойды немесе идеяны тура, қоспасыз білдіру көркемдікке жатпайды, көркемдік деп жанама, астарлы түрде берілген суретті айтуға болады. Бұл жерде астарлы ойды түрлі детальдарды құрастыра отырып макроэлементті қалыптастыру – басты назарда.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Поэзияның көркемдік табиғатын танытуда ондағы бейне мен бейнеліктің сыр-сипатын түсіну маңызды. Көркем бейне – поэтикалық туындының негізгі кілті екені ескере отырып мәтін структурасынан оны таныту мақсатында талдау, жинақтау, салыстыру әдістерінің ұстанымдары структуралистік талдаумен ұштастырыла отырып басшылыққа алынды.

Талқылау және бақылау. Структуралық әдебиетте образ – басталған жолдың тұйықталған тұсы. Яғни, кішігірім таңбадан басталған көркем өріс ауқымды, жан-жақты бейнемен аяқталады. Ғалым В.Виноградов: «Образ – шындықты көркемдік жалпылаудың негізгі құралы, адам тәжірибесінің объективті корреляциясының белгісі және қоғамдық сананың ерекше формасы. Сонымен қатар, өнердегі образ шындықтың субъективті көрінісі болып табылады», [5, 74] – деген. Шынымен де, шығармашыл тұлға мен қоғамның көзқарасы екі түрлі. Қоғамдық жағдаяттарға оппозициялық көңіл-күймен қараған автор жекелеген пікірін басқаша сездіргісі келеді. Оның бұл «оқшау» ойлары көптің көңілінен шықпаса да, өнер атты ұлы әлемде айрықша бағалануы мүмкін.

Кейіпкердің психологиялық эмоциясын суреттеу – постмодерндік бағыт өкілдерінің негізгі ұстанымы болды. Жан дүниесі екіге жарылған адам, адасқан қоғам, адасқан қоғамның ішіндегі қарбалас тіршілік, өз-өзін іздеген кейіпкер, сюрреалистік «сахнадағы» мәңгілік ойын және т.б. аспектілер әлі де өзектілігін жойған жоқ. Осы орайда, «Лексикалық бірліктердің бейнелік мүмкіндіктері психологиялық аспектілерге байланысты», - дейді Белянин. [6, 10].

Мәтінтүзуші қабілетке ие тілдік қабаттың бейнеге ерекше қатысы бар. Тіл дегеніміз шығарманың жалпы струкурасын игеруші, құраушы басты фактор. Бұл жайлы Н.А. Дмитриева: «Түрлі тілдік бірліктердің әрекеті бірдей емес: әр сөздің образдық көзқарасы бар, бірақ оның оқырман санасындағы ассоциативті жолдардың «тәсілдері» әртүрлі, сол

сияқты сөздердің образ жасауға қатысуы да әртүрлі. Бұл олардың экспрессивтік мүмкіндіктеріне және олардың нақты пайдалану ерекшеліктеріне қатысты. Екеуі де, яғни тілдік бірліктерді таңдау және олардың қызмет ету сипаты толығымен жазушының ниетімен анықталады» [7, 73], – десе, А.Б. Лосев: «Элементтердің контекстік үйлесімділігі эстетикалық тұрғыда олардың тілдік немесе графикалық түрде, сондай-ақ мәтіннен тыс, символдық мағынада орнығуына жағдай жасайды. Олардың өзара әрекеттесуі лингвоэстетикалық субтексттің, бейнелі семантикалық құрылымның қалыптасуына әкеледі» [8, 70], – дейді.

Бірнеше көркем деталь бірігіп, біртұтас бейнені құрайды. Сондықтан кез келген поэтикалық мәтін эстетикалық таңбалардан тұрады. Бастапқы нүктедегі таңбадан соңғы таңбаға дейінгі аралықта бейнелік желі түзіледі. Қожа Ахмет Ясауидің бір хикметінде көркем образ былайша өрілген:

*Зікірден диуаналық жедел өттім,
Алладан басқа мұнда не демекпін.
Күйімен шәкірттікте көбелектің,
Таулардан күйіп-жанып ұштым міне [9, 173].*

Имани құндылықты дәріптеген поэтикалық мәтінде жалаң, қарапайым тілдік таңбалардан гөрі, астарлы, бейнелі сөздер көп. Сөз таным ретінде қызмет етеді. Яғни, сөзден автор танымын анықтай аламыз. Алдыңғы буыннан үйренген діни сарын, тазалық пен адалдық өзінен кейінгіге де дарысын деген Ясауи барлық қиындыққа шыдап келгенін меңзейді. Бұл шумақта 3-ші және 4-ші тармақ – негізгі құрылым ретінде рөл ойнап тұр. Сондағы «шәкірт», «көбелек», «тау», «күю», «ұшу» секілді таңбалардан «азаптан – азаттыққа» бейнесі айқындалады. Көбелек – метафора болғанымен, оның символдық та қызметі бар. Көбелек – ешкімге кесірі жоқ, тек қана сұлулық пен нәзіктікті ғана дарытатын қанатты жәндік. Сондықтан «көбелек» бұл шумақтан көбелек таңбасын ерекше атап отырмыз. Д.Дэвидсон: «Метафораның нақты көрініс табуы оның көркем образға қатыстылығына ғана байланысты» [10, 173], – дейді. Ендеше, метафораның басты қызметінің ішінде «бейнеге айнала алу» қызметі тұр.

Абай «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде көркем образ жасауда түстер политрасын шебер қолданған:

*Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды хаса сұлу шомылғанға.*

Түстер символикасын шебер меңгерген ақын табиғаттың заңдылығын, көшпенділер мәдениетін жетік білетінін көрсетеді. Бірінен соң бірі тез арада жымдасып, ерекше динамикамен байланысқан тілдік бірліктердің біреуі де артық емес. Кетіксіз қаланған мәтін бізге екі құбылыстың арпалысқанын бейнелі түрде жылдам жеткізеді. Жеткізіп қана қоймай, «өмір, өлім» философиясын да қозғап өткен. Шумақтағы бірінші қатардағы таңбалар: қар, бүркіт, түлкі, сұлу қыз болса, екінші қатарға: ақ, қара, қызыл секілді бізге таныс бояулар енеді. Әр құбылысқа өзінің характеріне тән түстер тіркескен. Олардың орындарын ауыстыру мүмкін емес. Біздің жадымызда таңбаланып қалған түстер мен тіршілік иелерін енді басқаша өрнектеуге жол жоқ. Өзгеше таңбаласа, хаос басталады. Абайдың бұл өлең шумағы тұтастай саятшылықтың адам жанына сыйлаған үлкен эстетикалық әсерін паш етеді. Сөйтіп жекелей талып қарағанда шендестіру тәсілімен өрілген өлең тұтастай қарағанда айқын бір көркем бейнені ұсынады,

Ясауи өлеңінде біздің санамызда тек қана «көбелек» бейнесі қалса, мұнда «бүркіт» пен «түлкі» де, аппақ қар да, ақ пен қызыл, ақ пен қара түріндегі түр-түс те сақталады. Бүркіт пен түлкі екеуі де бірдей деңгейде процеске қатысуда және екеуінің де жеке-жеке сипаттамалары бар. Ақынның тағы бір ұтымды тұсы – түстер символымен, эпитетпен қатар, түйіндеуші метафораны да орынды қолдануында. Осынау жан-жақты, толымды детальдарды біріктіре келіп, «хас сұлу» таңбасын алға тартады автор. Бұл да эйфориялық күйдің өлең құрылымындағы айрықша бөлшегі екенін айта кетуіміз керек.

Абайдың бұл туындысы Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасымен үйлеседі. Ақын көлемді шығарманы:

*Майдан етіп дүние төрін,
Темір, болат қақтап отқа,
Жекпе-жек кеп, өмір, өлім,
Соққыласып жатқан жоқ па?,* - деп бастайды.

Осылайша, оқиганы шым-шытырық идеяларға негіздеп, оқырманды бірден өзінің поэтикалық кеңістігіне шақыратынын байқаймыз. Қуаты мол, асып-тасқан сезім иірімдері өмір мен өлім аспектісін бейнелі тілмен көрсеткен. Шын өнер – қайшылықтан тұрады. Жақсылық пен жамандық атаулының барлығы да осыған негізделген. Ізгілікке ұмтылған субъект алдында тұрған бүкіл кедергілерді жеңгісі келіп, «жарыққа» ұмтылады. Қ.Аманжолов адам бойындағы осы бір астарлы, нәзік қырды реалды түрде бейнелегенін аңғарамыз.

Қорытынды. Түйіндей келе, таңбаның детальмен, символмен, бейнемен байланысқан тұстарын саралау арқылы көркем мәтіннің ерекше құрылымын айқындауға болады. Өлең структурасын тереңірек зерделеген сайын жаңа мүмкіндіктер мен метафизикалық кеңістіктер ашыла береді. Сонымен қатар, мифтік, танымдық деңгейлердің қаншалықты көпқабатты екенін де байқаймыз. Одан бөлек, образ – поэтикалық мәтінді көркемдеп тұрған өзекті тірек. Ол жоқ болса, сурет «шимайланып», бірізділік жоғалады. Осылайша, өнердің басты фабуласы – эстетикалық таным көрінбейді. Сондықтан көркем бейненің мәтінтүзудегі қызметі әрқашан да басым болатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ушаков Д. Н. Толковый словарь русского языка. Москва: Альфа-Принт, 2005. – 1216 с.
2. Власов В. Г. Образ // Власов В. Г. Новый энциклопедический словарь изобразительного искусства. В 10 т. Санкт-Петербург: Азбука-Классика. Т. VI, 2007. С. 376-379.
3. Матиев К.В. Природа художественного образа. Москва: Наука, 1985. – 108 с.
4. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. Москва: Просвещение, 1975. – 504 с.
5. Виноградов В.В. Проблемы содержания и формы литературного произведения. Москва: Издательство МГУ, 1958. – 216 с.
6. Белянин В.П. Психологическое литературоведение. Москва: Генезис, 2006. – 340 с.
7. Дмитриева Н.А. Изображение и слово. Москва: Просвещение, 1962. – 316 с.
8. Лосев А.Б. Диалектика художественной формы. Москва: Просвещение, 1927. – 415 с.
9. Ясауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. Алматы: «Жалын», 1998. – 656 б.
10. Дэвидсон Д. Что означают метафоры. В книге: Теория метафоры. Москва: Прогресс, 1990. – 512 с.

ӘОЖ 82.16

М.О.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН КОМПАРАТИВИСТИКАЛЫҚ БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Әділбекова Жанар Болатқызы

zhanara-snowy@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті 8D02314 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., қауымд. проф. А.Ә.Үсен

Өзіндік қайталанбас мұрасымен әлем әдебиетінің биігіне көтерілген қарымы мықты жазушыларымыздың үнемі ізденісте бола отырып, көркемдік әлемін дүниежүзі әдебиеті классиктерінің шығармаларын оқу арқылы байытып отырғаны белгілі.